

ҰБТ-2021: ҚАЛАЙ ӨТЕДІ, НЕ ӨЗГЕРДІ?

24 қараша күні өткен «Современное образование» журналының мектеп түлектеріне арналған онлайн форумында Ұлттық тестілеу орталығының директоры Дидар Нұркенұлы Смағұлов түлектер мен ата-аналардың көкейінде жүрген осы сынды сұрақтарға жауап берді.

Сонымен қатар, форумға еліміздің Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, Қарағанды мемлекеттік университеті, М. Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ, «Тұран» университеті, Сүлейман Демирель атындағы университет және т.б. еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері қатысып, 800-ге жуық жоғары сынып оқушылары мен ата-аналардың алдында өз ЖОО таныстыруға мүмкіндік алды. Форумның трансляциясы «Современное образование» журналының YouTube арнасында сақталды.

«Современное образование» журналы 10 жылдан бері Қазақстанның жоғары оқу орындары және колледждерімен бірлесіп мектеп түлектеріне арналаған кәсіби бағдар форумын өткізіп келеді. Пандемия басталғалы бері форум онлайн форматқа көшірілгенін естеріңізге саламыз. Оқу жылы аяқталғанша журнал ел түлектеріне арналған әлі бірнеше форум өткізуді жоспарлап отыр. Алдағы өтетін форумға www.bilim.expert сайтында тіркелуге болады.



Бүгін назарларыңызға өткен форум барысында қойылған маңызды сауалдардың жауабын ұсынып отырмыз.

Қаңтарда өтетін тестілеуге міндетті түрде қатысу қажет пе?

Жоқ, міндетті емес. Қаңтардағы ҰБТ-ға қатысу ерікті. Оның сертификаты еліміздің жоғары оқу орындарына ақылы түрде оқуға жарамды.

Қаңтар айындағы ҰБТ бұрынғы форматта өте ме және балдық жүйесі бұрынғыдай бола ма?

Қаңтарда өтетін тестілеу қағазға белгілеу форматында өтеді және балдық жүйесі жаңаша болады.

ҰБТ кезінде IELTS сертификаты ескірле ме?

IELTS 6.0 сертификаты ағылшын тілінен ҰБТ тапсырғанда максималды балға ауыстырылады.

Тест жүйесі 10-11 сыныптардың білім мазмұнының жаңартылған жүйесіне негізделгенін, ал 5-9 сыныптардың ескі бағдарлама бойынша өткенін ескеріліп жасала ма?

Иә, міндетті түрде.

Жоғары оқу орындарының жеке гранттары мен олимпиадалары бар ма?

Иә, жыл сайын университеттер өз байқаулары мен олимпиадаларын өткізеді. Қазіргі күні Тұран және Astana IT University олимпиадасына қатысуға тіркелу жүргізіліп жатыр. Ол жөнінде ақпаратты қызықтырған университет сайтынан білуге болады.

Жоғары оқу орындарында көп балалы отбасы мүшелеріне жеңілдіктер қарастырылған ба?

Мұндай ақпаратты университеттердің өздерінен білу

қажет. Білуімізше, көптеген университеттер мұндай жеңілдіктер ұсынады.

Академиялық ұтқырлық туралы айтып беріңізші, жоғары оқу орнында шет елде білім алу үшін қалай грант ұтып алуға болады?

Академиялық ұтқырлық – 2-3 курс студенттерін алмастыру арқылы жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы. Алмастыру бағдарламасына қатысу үшін мына талаптарға сай болу керек.

IELTS 6.0 және одан жоғары GPA 3.0 және одан жоғары «Неге нақты мен академиялық ұтқырлық бағдарламасынан өтуім керек» тақырыбына хат жазу

Оқытушылардан екі ұсыным хат алу.


Алмасу бағдарламасы бойынша білім алу 1 семестр жалғасады. Сіз сол аралықта шетелдік жоғары оқу орнында білім алып, кейін өз оқу орныңызға ораласыз.

Егер мен ақылы бөлімге түссем, грантқа ауысуым мүмкін бе?

Жыл сайын әр университетте орны босаған гранттарға байқау өткізіледі. Оған үміткер ретінде қатысуға болады. Ол үшін сабақ үлгеріміңіз өте жақсы болуы шарт.

Ішкі гранттар мен байқаулар жөнінде ақпаратты қайдан көруге болады?

Ол үшін инстаграмдағы @talapker.consulting парақшасына



тіркеліп алуыңызға болады. Бұл парақшада еліміздің қай жоғары оқу орнында қандай байқаулар мен олимпиадалар өткізіліп жатқаны туралы хабарламалар шығып отырады.

Ауылдық квота деген не?

Бұл ауыл мектептерінің түлектеріне арналған жеке грант көлемі

Қай университеттерде ағылшын тілінде оқыту қарастырылған?

Ағылшын тіліндегі оқу бөлімі еліміздің барлық университеттерінде бар. Ал тек қана ағылшын тілінде білім беретін оқу орындары төмендегідей:

KIMEP, KBTU, SDU, Astana IT University, IITU.

Қай салалық пәндер бойынша мемлекеттік грантқа бәскелестік көп?

Бәскелестік экономикалық, заңгерлік, гуманитарлық бағыттардағы мамандықтарда үлкен. Өйткені ол комбинацияларға бөлінетін грант көлемі де аз.

Жоғары оқу орнындағы әскери кафедраның беретін мүмкіндігі қандай?

Әскери кафедра – бұл қосымша білім беру бағдарламасы болып саналады. Ол жерде оқу міндеттелмейді. Әскери кафедрада білім алуға өтініш 2-курстың басталуы алдында, жазда беріледі. Ол жерде 2 жыл оқу қарастырылған. Әскери кафедраны қоса тәмамдаған студенттер запастағы лейтенант шенін алып шығады және әскери қызметін жалғастыра алады. Әскери кафедраны аяқтап шыққан соң әскери билет беріледі және студент әскер қатарына шақырылудан босатылады.



АННОТАЦИЯ

На очередном форуме «Современное образование» состоялась презентация нового формата Единого национального тестирования (ЕНТ), даны разъяснения и обширный материал по вопросам, неизбежно возникающим перед абитуриентами в период окончания школы и поступления в вуз. Форум прошел, как и предыдущие в этом году, в режиме онлайн.